

# БІЛІМГЕ СЕНЕТІН ЗАМАН...

Қазақты «Білекті бірді, білімді мыңды жағдай» деген мақалы бүгінгі таңда айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман — білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылым арқылы танылатын уақыт келді. Ал, бойдағы білім қажеттілікке, тұрмыстың игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады.

Осы орайда М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Зантану және халықаралық қатынастар» факультеті ұстаздар қауымының жастарды білім жолына салып, білікті мамандар даярлаудағы еңбегі ерен. Университетте білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударылған.

Тарата айтсақ, «Зантану және халықаралық қатынастар» факультетінде «5В030100 — Құқықтану», «5В020200 — Халықаралық қатынастар», «5В030400 — Көден ісі», «5В011500 — Құқық және экономика негіздері» секілді 4 мамандық бойынша мамандар даярланады. Қазіргі уақытта факультетте 857 студент білім алуда. Факультет студенттері университеттің және жоғары оқу орны орналасқан қаланың қоғамдық өміріне белсенді араласуда.

Факультетте білім беру қызметін ақылы және грант негізінде жүргізетін өскери кафедралар бар.

Факультет күрделі құрылымына қарай, құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы ірі ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады. Факультетте криминалистикалық полигон, сот мәжілісі залы қызмет көрсетеді. Тәжірибелік сот процесстері өткізіледі. Сонымен қатар, криминалистика кабинетінде, сот мәжілісі оқу залында Оңтүстік Қазақстан облысының соты және прокуратурасымен бірлесі отырып, нақты қылмыстық істер бойынша сот процесстері өтіп тұрады.

Студенттердің ғылыми жұмыстармен шұғылдануына «Загер», «Әділет», «Дипломат», «Саясат», «Феминда», «Түнба», «Абаймақ» студенттік ғылыми пікірсайыс үйірмелері зор ықпалын тигізуде. Факультет



тет түлектерінің алған білімін магистратурада жетілдіруге мүмкіндіктері мол.

Білім сапалы болмай, сауатты да білікті маман даярлау қиын екені белгілі. Білім беру саласының қызметі қашан да қузырлы органдардан тыс ата-аналардың, жалпы қоғамның бақылауында болатыны сөзсіз. Еңдесе, осы жауапкершілікті жете түйіне отырып, айтпалған өмірмен өскергелерден шығарған дұрыс қорытындылардың нәтижесінде жұмысымыз жемісті болып келеді.

Білім тек ғылымның іргетасы ғана емес, еңсесі білік еіддермен тересезі тек мемлекет болудың күре тамыры. Ел дамуының баға жетпес қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сөтке толастамайды. Білімнің негізінде болашаққа деген шұнайы сенім мен үкілің үміт лаулай түседі. Әр перзенттің өз халқына деген ізет-құрметімен бірге қадір-қасиетін танудың төркіні білімде жатқанын жақсы түйсінген Елбасы тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастыруды ұсынды.

Расында да, тәрбие арқылы берілген білімнің болашағы қашан да баянды болмақ. Өркениет көшіне бет бұрған халық жасап жатқан қыруар істің алтын арқауы, яғни ғылыми-техникалық және экономика-

калық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз.

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Зантану және халықаралық қатынастар» факультеті ұстаздар қауымы жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды негізгі мақсат тұтып отыр. Ол үшін студенттердің мемлекеттік рөміздерді құрметтеуіне, халық дәстүрлерін дәріптеуіне, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуіне барлық жағдай жасалауда. Сондай-ақ, Конституцияға және қоғамның дамуына қайшы келетін әрекеттерге тәубешілікке тәрбиелейді. Қазіргі құбылмалы, сан салалы, көп мәдениетті, көп этникалық үлкен өмірге еңуге қабілетті тулғаның дамуына бағытталған тәрбие жүйелі түрде жүргізілуде. Рухани құндылықтардың негізінде құрылатын тәрбие жұмысы тым күрделі. Тәрбие арқылы ұйымдастыру қабілеті жоғары, ізгіліктілікті жаңымен қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлықтың үлгілері бола білетін тулғанын үлгісі жасалады. Ол тулға ғылымға негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін-ісі жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырып отырады.

«Зантану және халықаралық қатынастар» факультетінің ұстаздар қауымының алында қазіргі жастарды жаңаша ойлап, дұрыс шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тулға ретінде тәрбиелеу міндеті тұр. Олар өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашыры ретінде қалыптасуы тиіс. Бұл дегеніңіз жана уақыт талаптарына төтеп бере алатын, көсібі білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу деген сөз.

Ұлттық тәрбие — ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Ондағы мақсат — ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне ұлес қоса алатын тулға даярлау. Яғни ұлттық құндылықтар мен жал-

пы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тулғаны тәрбиелеу.

Мұндай жан-жақты, сауатты да білікті азамат Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыру міндетін ешқашан естен шығармайды! «Ел ертені білімді жастар» дегеніміз де осында жатыр. Дана халқымыздың «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұстаымын Елбасы «Қазақстанның болашағы — бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол дегендей болады» деген қуатты ойларымен ұштай түсті. Расында да, ел болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғырта отырып, елдің экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлі еңбек етуге қажетті сапалы біліммен қарулануы тиіс. Мінеки, сондай сауатты жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғам ісін өрге бастыра алады.

Отаншыл болудың да, ел іргесін бүтін сақтай алатын қуат та, бар істі әділетті шешсе алатын күш те білімде жатыр! **Жастары рухсыз, білімсіз, елдің болашағы — қараңғы.** Тәуелсіз елдің баянды болашағы жастардың білімі мен біліктілікке деген талаптарымын, ғылым іздеуге өркендеуінің, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаңың ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа» деген Елбасының сөзі білім қуған жастардың темірқазығына айналуы тиіс. Ал, біздің ұстаздар қауымы жастарға сапалы білім беруге, алға қойған ұлы мұратына жету жолында тынымсыз еңбек етуге қашанда дайын.

**Жамбыл ОРЫНТАЕВ,**  
**ОҚМУ-дың «Зантану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы**